ӘОЖ 94 (47) 084. 8:94 (574)

Ж.А.Қарсыбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР халық шаруашылығының дамуы

Тарихнамалық шолу

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР халық шаруашылығының дамуы қарастырылды. Соғыс жылдарындағы Қазақстан Коммунистік партиясының ұйымдастырушылық рөлі мен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуындағы қиындықтар атап көрсетілген. Автор Ұлы Жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесіне көңіл бөлді. Мақалада берілген тақырып бойынша кеңестік дәуірдегі және отандық тарихнамада жарық көрген кейбір еңбектерге тарихнамалық шолу жасалған.

Кілтті сөздер: Ұлы Отан соғысы, соғыс тарихнамасы, ғылыми жұмыстар, халық, қоғамдық ұйымдар, өндірістік ұжымдар, халық шаруашылығы, тың ардагерлері, партиялық комитеттер, маман-тарихшылар.

Отандық тарих ғылымында Ұлы Отан соғысының тарихы мен республиканың жеңіске қосқан үлесіне қатысты мәселелер әлі де өзекті және соғыстың тарихнамасы тарих ғылымының барынша жасалған және басым бағыттарының бірі болып табылады. Ұлы Отан соғысы тарихы тақырыбына көптеген ғылыми жұмыстар арналған, оларда халықтың еңбектегі ерліктері, халық шаруашылығының соғыс жылдарындағы дамуы және оның жеңіске қосқан үлесі, майдан қажеті үшін өнім шығару мен өндірістік ұжымдарда жарыстарды ұйымдастырудағы қоғамдық ұйымдар мен партиялық комитеттердің рөлі мәселесі де бар. Қазақстандағы зерттеу жұмыстары өнімді жүргізілген. Бұл салада соғыс кезінің тарихын арнайы зерттейтін маман-тарихшылардың еңбектерін қоспағанда, тыл ардагерлері мен соғыс куәгерлерінің, мемлекет қайраткерлерінің және басқа тұлғалардың да жазған еңбектері көптеп кездеседі. Мәселен, 1945 жылдан 1977 жылға дейінгі аралықтың өзінде ғана КСРО көлемінде жалпы көлемі 700 млн. дана болатын 16 мың кітап пен кітапша жарық көрген [1; 7]. Соғыс жылдары Қазақстанның халық шаруашылығы майдан арсеналдарының бірі ретінде соғыс қажетіне қызмет етті, мұнда 356 млн. пұт нан дайындалған. Сонымен қатар Қазақстан мал шаруашылығы өнімдерін негізгі тасымалдаушылардың бірі болды. Республиканың жеңіл өнеркәсібі Қызыл Әскердің жүздеген дивизияларын әскери киім-кешек, қару-жарақ, қажетті заттармен қамтамасыз етті.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі кеңес тылының тарихнамасы, барлық соғыстың тарихнамасы сияқты, бірнеше кезеңнен өтті және фашистік Германияны жеңгеннен бергі алғашқы үш онжылдықта тарихнамалық шолулар ағымында көрініс тапты.

Тарихнаманың бірінші кезеңінде (1941–1945) осынау маңызды және көлемді ғылыми мәселені қарастыру бойынша тек алғашқы қадамдар жасалды. Зерттеушілердің қолында әлі де деректердің мол қоры бола қоймады. Құжаттарда берілген көптеген фактілер мен оқиғалар әскери уақыт жағдайында жабық сипатта болды, қажетті құжаттық материалдардың жинақталуы үшін біршама уақыт керек болды. Толық емес мәліметтер бойынша, республикада соғыс жылдарында соғыс тақырыбына арналған 150-ге жуық кітап, кітапшалар мен журналдық мақалалар жарық көрген [2; 35].

Ұлы Отан соғысы тарихнамасының екінші кезеңі соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықты қамтыды, кеңес тылының тарихының түрлі мәселелерін қарастыру одан әрі жалғасты. Бұнда зерттеушілер қолданған деректанулық база кеңейді, бірнеше құжаттық жинақтамалар жарық көрді. Соғыстан кейінгі жылдары кеңес тарихшыларымен Ұлы Отан соғысының себептері, сипаты мен маңызды оқиғаларын ашатын көлемді әдебиеттер жасақталды. Көптеген басылымдарда әскери қимылдардың барысы, майдан мен тылдағы кеңес адамдарының бұқаралық ерлігі, КСРО халықтарының неміс-фашист басқыншыларына қарсы қарулы күресін басқару бойынша Коммунистік партияның рөлі, КСРО мемлекеттік және түрлі қоғамдық органдарының көпқырлы жұмысы, майдан тылындағы бүкілхалықтық күрес, елдің қоғамдық-саяси өмірі, 1941–1945 жж. кеңес ғылымы мен мәдениетінің дамуы қарастырылды.

Бұл кезеңдегі алғашқы жарияланымдардың ішінен А.Нүсіпбековтың, О.Малыбаев пен Ғ.Әбішевтің жұмыстары жаңа пайымдауымен көзге түседі [3]. Сонымен қатар жалпылаушы сипаттағы бірқа-

Репозиторий КарГУ

тар зерттеулер жарық көрді, оның ішінде Грановский Е.М. «Советская промышленность в Великой Отечественной войне» (М., 1949), Белов П.А. «Вопросы экономики в современной войне» (М., 1951), Шошенко А.В. «Борьба партии большевиков за укрепление тыла в годы Великой Отечественной войны (Алма-Ата, 1952), Солдатенко Е.И. «Трудовой подвиг советского народа в Великой Отечественной войне (М., 1954) және тағы басқалары. Алайда зерттеушілердің қолында бар деректер қоры әлі де болса аз болды.

Кеңес тылының тарихнамасының түрлі мәселелері барынша нақты 50-жылдардың ортасынан бастап қарастырыла бастаған, бұл СОКП XX съезінің шешімімен байланысты болды, соғыс тарихы бойынша құжаттарды басып шығару ісі жақсарды. Егер соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта соғыс тарихы бойынша шамамен 1200 кітап, кітапшалар және журналдық мақалалар жарық көрсе, онда тек қана 1956–1961 жж. өзінде-ақ 2000 астам кітап, кітапшалар, журнал мақалалары жарық көрді. Бұл кезеңдегі көрнекті еңбектерден «Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихы» алты томдығын және 12 томдық «1939–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс тарихы» атауға болады. Сонымен қатар кеңес тылы, КСРО әскери экономикасы, басқа да маңызды мәселелер туралы В.С.Василенко, А.В.Митрофанова, Н.П.Липатова, Ю.В.Арутюнян, Г.С.Кравченко, В.А.Ежов, Г.Г.Морехин, Г.А.Куманев, Я.Е.Чадаева, Л.В.Максакова, М.К.Козыбаев және басқаларының мақалаларында қарастырылды [4]. Жалпы алғанда, тыл еңбеккерлерінің, одақ пен республика шаруашылығы түрлі салаларының, сондай-ақ жекелеген кәсіпорындардың күш біріктірген ерлік еңбегінің тарихына қатысты жарияланымдардың саны өсті. Сол кезде шыққан жұмыстардың ішінен В.Я.Басиннің, Л.А.Пинегина мен С.А.Федюкиннің кітаптарын бөліп айтуға болады [5]. Бірақ оларда белгілі бір шамада бұрынғы кезеңдердің деңгейі мен рухын қайталайтын кемшіліктер орын алды. Ф.Михайлов пен К.Оразов өз еңбектерін соғыс кезеңінің қиын проблемаларының біріне — кадрлар мәселесіне, бірінші кезекте өнеркәсіп пен көлік саласы үшін қажет кадрларды даярлау мәселесіне арнады [6]. Жұмысшы ұжымдардың басым көпшілігін құрайтын тыл еңбеккерлері — әйелдер мен жастар туралы арнайы жазылған еңбектер пайда болды [7]. Соғыстан кейінгі кезеңдегі (1946–1955) жинақталып жүйеленген, бірақ әлі де болса мардымсыз мұрағат құжаттары мен мерзімдік басылымдардағы материалдар базасына сүйене отырып, А.Байшин, Ж.Құрамбаев, Б.Ысқақов, А.Көкетаев, Т.Мырзабекова, Л.Файнның кандидаттық диссертациялары жазылып, қорғалды [2, 8]. Оларда жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың ерен еңбектерін, МТС пен совхоздардың саяси бөлімдерінің қызметін көрсетуге ұмтылыстар жасалды.

70–80-жылдары жарық көрген еңбектерде соғыс жылдарындағы республика өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының дамуы, жергілікті кеңестердің, партия ұйымдарының қызметі және басқа да тақырыптар бойынша бірқатар еңбектер жарық көрді. Солардың арасында Т.Б.Балақаев пен Қ.Алдажұмановтың «Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.)» атты еңбегінде соғыс жылдарында республикадағы жасақталған әскери құрамалар, Отан қорғау қорының жасалуы, қазақстандық еңбекшілердің Одақтың қорғаныс қуатын нығайтуға қосқан үлесі, майданға көрсеткен патриоттық көмегі, майдан мен тылдың байланысы, азат етілген аудандарға көмек көрсету туралы соғыс пен тыл ардагерлерінің естеліктері, мұрағат құжаттары мен сол кезде жарияланған соны деректердің негізінде баяндалады. Қазақстан еңбекшілерінің соғыс жылдарында майданға берген көмегінің жалпы мөлшері өте көп, олар соғыс жылдарында жүргізілген төрт мемлекеттік заем бойынша сол кездегі бағамен 3,2 млрд. сомнан астам қаражат берген, ал елдің әр жерінен патриоттар танк және самолет жасауға өз жанынан 100 мыңнан 300 мың сомға дейін қаржы берген [1; 20]. Тек Отан қорғау қорына, әскери техника мен қару-жарақ жасауға республика еңбекшілерінің жинаған қаражаты 1 млн. сомнан асқан. Алайда бұл еңбектің «Қазақстанның адам және материалдық ресурстарын Отанды қорғауға жұмылдыру» атты бірінші тарауында тек 1941 жылдағы елдің халық шаруышылығының дамуы басымырақ қарастырылған, сонымен қатар, автордың көрсетуінше, соғыстың ауыртпашылықтарына қарамастан соғыстың бастапқы уақытында мал шаруашылығы жақсы дамып, республика мемлекетке 114 мың т ет, 283,5 мың т сүт, 14,3 мың т жүн тапсырды деп көрсетеді. Бұл бейбіт 1940 жылмен салыстырғанда 1941 жылы мал шаруашылығы өнімдері едәуір артық тапсырылған [1; 46]. Бірақ мұрағат құжаттарында басқа мәлімет көрсетіледі, онда «Объяснительная записка к Отчету Народного комиссариата Мясной и молочной промышленности КазССР за 1942 г.» аталған халком орынбасары Градицкий мен бас бухгалтер Смирновтың есепке Түсіндірме хатында республиканың ет, сүт өндірісі жылдық жалпы жоспарды орындай алмады деп көрсетеді. Оның себептері ретінде ет комбинаттарының теміржол желісінен алыс жатуының өнім сапасына және оның уақытында жеткізілуіне әсер етуі, өндіріс техникаларының ескіруі т.б. айтып өтеді. Ет өндірісі бойынша өнімнің фактілік шығарылымы 33414 т мөлшерінде болса, ол жоспарға 87,7 % және 1940 жылдың есебінің 86,0 % құрайды деп көрсетілген [9]. Де-

Репозиторий КарГУ

генмен бұл сандық мәліметтер әлі де талай зерттеуді қажет етеді және жоғарыда аталған еңбектің құндылығын төмендетеді деген сөз емес.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы республиканың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің дамуы туралы қызықты мәліметтер көптеген зерттеулерде кездеседі. Мәселен, А.М.Чинчиков «Историография трудового подвига советского крестьянства (1941–1976)» атты еңбегінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңестік халық шаруашылығының, оның ішінде Қазақстанның да, дамуына қатысты бірқатар зерттеушілердің еңбектеріне қатысты сыни көзқарастарын білдіріп, оларда келтірілген мәліметтерге қызықты талдау жасайды. Автор 70-жж. шыққан еңбектердің көпшілігінде соғыс кезіндегі ауыл шаруашылығының дамуын кезеңдестіруді қарастырғанда кейбір зерттеушілердің сынға алынған ескі көзқарастарды ұстанғандығын, оларда ауыл шаруашылығындағы жағдайды әсірелеп жазу тенденциясының басым екендігін көрсетеді. Олардың арасынан Т.Б.Балақаевты (1943 ж. ауыл шаруашылығы өндірісінде бүкіл елдің экономикасының дамуындағыдай түбірлі бетбұрыс жылы болды деп көрсеткен), Г.С.Кравченконы, Г.Әбішевті (соғыс жылдарындағы Қазақстанның ауыл шаруашылығының жағдайын қарастыра келіп, ауыл шаруашылығының өндірісінің өсуі нан, ет, сүт өнімдерін жеткізуді бірнеше есе өсіруге мүмкіндік бергенін көрсеткен) атап өтеді. Ал, автордың ойынша, З.Кашкенбаев 1942–1943 жж. Орта Азия мен Қазақстан «еліміздің негізгі азық-түлік базасы» болды деп дұрыс көрсеткен және М.Қ.Қозыбаевтың көзқарасы (жоғарыда келтірілген қорытындыны әсіреленген деп бағалаған болатын) барынша әділетті, себебі іс жүзінде Қазақстан 1942 жылмен салыстырғанда 1943 жылы нанды 2 есе аз берген, соғыс жылдарындағы Қазақстанның елдің нан балансындағы үлесі 7 % құрайды, бұл Сібірден шамамен 2 есеге аз деп көрсетеді [10]. Бұл пікірталасқа қатысты өз ойымызды айтып көрсек, М.Қ.Қозыбаевтың «Вклад восточных районов СССР в достижение экономической победы» атты мақаласында шығыстағы аудандар батыс облыстар басып алынғаннан кейін әскер мен қаланы азық-түлікпен қамтамасыз етудің негізгі базасына айналды және 1942 жылдан елдің басты тірегі деп көрсетеді [11]. Ал «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» бес томдықтың еңбектің 4-ші томындағы сегізінші тарауының «Қазақстан — майдан арсеналы» атты бөлімінде соғыс жылдарындағы еңбек қолының жетіспеушілігінен, тылдағы қазақстандықтардың ауыр еңбегі, техниканың ескілігі, еңбекті дұрыс ұйымдастырмау және басқа да қиындықтардың елдің мемлекетке астық тапсырудағы ісін қиындатқанын көрсете келіп, бұған карамастан Қазақстан еңбекшілері армия мен елімізді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қолдарынан келгенін бәрін жасады және жалпы соғыс жылдарында, Қазақстан тапсырыстың барлық түрлері бойынша мемлекетке 5829,4 мың т астық, 733, 9 мың т ет және өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының мыңдаған тонна басқа да өнімдерін тапсырғаны көрсетіледі [2; 503]. Біздің ойымызша, кеңес елінің ауыл шаруашылығының соғыс жылдарындағы дамуы мәселесі қарастырылған жалпыодақтық еңбектердің басым көпшілігінде Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуы, қазақстандық еңбекшілердің тылдағы ауыр еңбегі тиісті бағасын алмаған не болмаса жалпылама, үстірт қарастырылып өткен. Бұл, бір жағынан, партияның қоғамдық ойға үздіксіз әсерінен болса, басқа жағынан соғыс жылдарындағы кеңес Коммунистік партиясының әскери экономиканы басқарудағы мінсіз саясатын дәріптеу тенденциясының тасасында қалып қойғандығынан. Қалай дегенмен де, Қазақстан еңбекшілерінің соғыс кезеңінің ауыр сынақтарына қарамастан кеңес әскерін, жалпы елді азық-түлікпен қамтамасыз етуде басқа да шығыстық аудандар тәрізді өлшеусіз үлес қосқаны даусыз. Осы мәселені кеңестік дәуірде қазақстандық тарихшылардың өз еңбектерінде көтеруі ғылыми ойдың дамуында өзіндік көзқарастар ағымын қалыптастырды. Ал фактілерді нақтылау үшін әлі де талай зерттеулер жүргізу қажеттігі бұл жерде өзінен өзі туындап тұрған мәселе.

Ұлы Отан соғысы жылдарында республиканы майдан арсеналы ретінде соғысушы әскер мен кенес елін азық-түлікпен қамтамасыз етуде, 1941–1942 жж. Қазақстанға батыс аудандардан өнеркәсіп орындарын эвакуациялауда, жалпы еліміздің халық шаруашылығында теміржол көлігінің дамуы аса зор маңызға ие болды. Бұл тақырып соғыс жылдарының өзінде-ақ бастау алды. Алайда ол кезде жарық көрген еңбектер көбіне фрагментарлық зерттеу ретінде болды және теміржолшылардың соғыс жылдарындағы ерліктерін баяндаушы, насихаттаушы еңбектер ретінде қалыптасты. Оларда кешенді зерттеулер жасалынбады.

Соғыс жылдарындағы теміржол көлігінің даму тарихы мәселесін зерттеуде қазақстандық ғалымдар да өз үлесін қосты. Бұл тақырып соғыс жылдарында да, соғыстан кейінгі онжылдықтарда арнайы еңбектерде, сонымен қатар жалпылаушы еңбектерде орын алды. К.Майгаранованың «Трудовые подвиги комсомольцев и молодежи железных дорог Казахстана в Отечественной войне 1941–1945 гг.» атты зерттеуінде берілген тақырып тарихнаманың өзекті тақырыптарының бірі ретінде қарастырылады [12]. Онда автор мұрағат құжаттарын кеңінен пайдалана отырып, жастардың теміржол бойынша

Репозиторий КарГУ

эвакуациялау үрдісінің дамуына қатысуын қарастырады. Р.М.Мырзалиева Қазақстанның теміржолдарының дамуының барлық кешеніне қатысты мәселені көтереді [13]. Автор Орынбор теміржолының ақтөбелік бөлігінің тарихын зерттеу негізінде берілген өлкедегі теміржолшылардың өндіріс объектілері мен адам ресурстарын эвакуациялаудағы және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа салаларындағы рөлін көрсетеді. Шындығында да, соғыстың бастапқы уақытындағы жау басып алған аудандардан өндірістік маңызы бар өнеркәсіп орындары мен адамдарды тылға тасымалдауда еліміздің теміржолшыларының атқарған қызметі салмақты әрі маңызды. Г.Әбішевтің докторлық диссертациясында теміржол көлігінің атқарған рөлі шаруашылықтың жалпы саласында, жекелегенде тасымалдаудың рөлі мен маңызы соғыс уақыты жағдайына өту факторы ретінде қарастырылады. Теміржолшылардың ерен еңбегінің арқасында ғана Қазақстанға өндіріс объектілерін көшіру, орналастыру үшін қолайлы жағдай жасалды [14]. С.К.Утешовтың ойынша, батыс ауданнан көшірілген өндірістік объектілер көбіне Орынбор теміржолының шебі бойынша жүрді, бұл Қазақстанның Батыс және Оңтүстік аудандарында өндірістік базаның жасақталуына жағдай жасады [15]. В.С.Ешпановтың мақаласында соғыс жылдарындағы Орынбор теміржолының тарихы бойынша тарихнамалық талдау жасалынып, тұжырымды қорытындылар келтірілген [16]. Автордың көрсетуінше, тек 1960–1980 жж. және соңғы кезеңде ғана берілген тақырыпқа қатысты жарық көрген көлемді еңбектерде кешенді зерттеулер жасалынып, объективті баға берілген.

Е.Беркун, Л.В.Михееваның құрастыруымен жарық көрген «Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны» атты құжаттар мен материалдар жинағында облыстың соғыс жылдарындағы халық шаруашылығының дамуы, қоғамдық саяси өмірі, облысқа эвакуацияланған кәсіпорындар туралы мәліметтер беріледі [17].

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихының жалпы мәселелерін жасауда белгілі отандық тарихшы М.Қ.Қозыбаев елеулі үлес қосты. Автор өз еңбектерінде кең деректік негізде республика еңбекшілерінің жаумен күреске жұмылдырылуын, соғыс кезеңіндегі экономиканы әскери жағдайға бейімдеп дамытудағы Қазақстан Компартиясының қызметін кешенді қарастырады. М.Қозыбаев «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.)» Ұлы Отан соғысы кезеңінің бай фактілік материалдарымен Қазақстан Компартиясының халық шаруашылығын әскери жағдайға қайта құру бойынша, қала мен ауыл еңбекшілерін жұмылдыру, республиканы майдан арсеналдарының біріне айналдырудағы жан-жақты қызметін дәлелді түрде көрсетеді. Автор партияның өнеркәсіптің жұмысын майдан қажетін қамтамасыз ету үшін қайта құру бойынша, ауыл шаруашылығын қайта құруды басқару бойынша, социалистік жарыстарды ұйымдастыру мен басшылық жасау бойынша тәжірибесін жалпылап қарастырады. Мәселелердің бірі болып республиканың халық шаруашылығының 1943–1945 жж. дамуы болып табылады. Бұл сұрақты қарастыра отырып, автор отын-энергетикалық базаның дамуын және түсті металдар өндірісінің ұлғаюын, соғыстың аяқталатын кезеңіндегі өнеркәсіптің және көлік саласының дамуын талдайды. Ауыл шаруашылығы үшін, көлік пен өнеркәсіп үшін мамандарды қалыптастыру үрдісі талданады. Майдан мен азат етілген аудандарға көмек көрсету, тылдың майданмен байланысын бекіту бойынша мәселе зерттелген. Партияның ғылымның өндіріспен байланысын нығайтудағы, Қазақстан ресурстарын қорғаныс қажетіне жұмылдыру бойынша жүргізген шаралары, ғылым, әдебиет, өнер, халыққа білім беруі және денсаулық сақтаудың соғыс жылдарындағы дамуы талданады [18].

М.Қ.Қозыбаевтың «Казахстан — арсенал фронта» монографиясында Қазақстан Коммунистік партиясының республика ресурстарын жұмылдыру, жауға лайықты соққы беру, мамандар туралы, әйелдер арасындағы жұмыс туралы, әйелдер кеңесін құру, қаражаттарды жұмылдыру бойынша, жылы киімдерді жинау, майдангерлердің отбасыларына көмек көрсету айлықтарын өткізу, комсомол, кәсіподақ, социалистік жарыстарға басшылық ету, еңбекке қоғамдық қарау, жұмысшылардың тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселелері қарастырылады. Партия соғыс басталғанда майданға көмекке ресурстарды жұмылдыру мен жағдайды анықтау үшін республиканың түрлі аудандарына жіберілген бригадаларды ұйымдастырды. 4-тарауда республиканың халық шаруашылығын соғыс жағдайына көшіру қарастырылады, бұл өте ауыр жағдайда өткендігі ескеріледі. Соғыс жылдарында үлкен маңызға ішкі резервтер мен ресурстарды рационалды қолдану ие болды. Партиялық ұйымдар шикізат, материалдар есебінің жағдайын, олардың кәсіпорындарда жұмсалу тәртібін тексерді. Монографияда шаруашылық салаларының жұмысшыларының еңбектегі ерліктері, стахановшылар мәселесі, өндіріс екпінділері, екіжүздікшілер мәселелері жақсы ашылған. 1942 жылы батысқазақстандық облыстардың жұмысшыларының майданды барлық қажеттіліктермен жабдықтау, Сталинград майданы үшін тапсырысты орындау үшін күндіз-түні жұмыс жасап, қойылған мақсатқа жетудегі қажырлы еңбектеріне

Репозиторий КарГУ

ерекше көңіл бөлінген [19]. М.Қ.Қозыбаевтың еңбектерінде түрлі деректердің негізінде республика өнеркәсібін дамыту, ресурстарды майдан қажетіне жұмылдыру бойынша шараларға облыстық партия комитеттері мен аудандық жауапты қызметкерлердің қатысуы, үкімет пен Мемлекеттік қорғаныс комитетінің шешімдерін орындау бойынша партияның қызметі кеңінен көрсетілген.

Қазақстан еңбекшілерінің жеңіске қосқан үлесі туралы әңгімелейтін қазақ тілінде шыққан әдебиетке тоқталсақ, бұл мәселе М.Қозыбаевтың «Қазақстан коммунистері Ұлы Отан соғысы жылдарында» (Алматы, 1960), «Ұлы ерлік» (Алматы, 1980), Н.Едігеновтың 1970 жылы шыққан «Алматы Ұлы Отан соғысы жылдарында» еңбектерінде, Б.Далабаевтың «Қазақстандықтар Сталинград шайқасында» (Алматы, 1977), Қ.Досқалиевтің «Батырлық эпопеясы» деген кітапшаларында, жекелеген көптеген мақалаларда айтылады [1; 15]. Соңғы уақытта бұл тақырыпқа қатысты жаңаша көзқарастар, соны пікірлер бірқатар отандық тарихшыларымыздың, мәселен, М.Қ.Қозыбаевтың, Т.Балақаев, Қ.Алдажұманов және тағы басқалардың еңбектерінде кездеседі.

Елдің мұнай өндірісінің дамуы жеке тақырып ретінде Т.Шаукенбаев, Қ.С.Мұхитов және басқалардың еңбектерінде қарастырылды [20].

Соғыс жылдарындағы Қазақстан әйелдерінің өнеркәсіп пен ауыл шауашылығындағы ерлік еңбегі Г.Нұрбекова мен Е.Сегізбаеваның, республика жергілікті кеңестерініңі қызметі С.Қаймолдиннің, Ү.Абдоллаевтың, комсомолдар мен жастардың ерлік еңбегі Т.Сарбақанов пен К.Майғарапова және басқаларының зерттеулері мен мақалаларына негіз болды.

Соғыс жылдарындағы республика халық шаруашылығының тарихы бойынша пайдалы еңбекті ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Г.Ч.Чулановтың басшылығымен экономист-ғалымдар ұжымы жасады [21].

Қорытындылай келе, кеңестік дәуірде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы республиканың халық шаруашылығының дамуы, оның ерекшеліктері мен қиындықтары, басқа да өзекті мәселелері көптеген арнайы зерттеу жұмыстарында, ұжымдық еңбектерде, майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің естеліктерінде кеңінен қарастырылды. Дегенмен әлі де көп мәселені зерттеп, ой елегінен қайта өткізу қажет. Соғыс кезінде және соғыстан кейінгі біраз уақыт аралығында елдің дамуына қатысты көптеген құжаттар асқан құпиялықта ұсталып келді, соған орай ендігі міндет сол құжаттар мен материалдарды ғылыми айналымға кеңінен енгізу болып табылады. Сонымен қатар осы тұрғыда қазіргі қорытындылар мен тұжырымдарды қайта қарау, оларды өткен кезеңнің идеологиялық қалыптарынан, дәл сондай ақ бүгінгі таңдағы жалған идеологиялық бояулардан тазарту қажеттігі де өздігінен туындайды.

Егемен Қазақстан жағдайында кеңестік кезең тарихнамасының мәселелерін, оның ішінде Ұлы Отан соғысы тақырыбын да үлкен ықыласпен қарастыруда. Республиканың соғыс жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси даму мәселелері әлі талай зерттеушілердің зерттеу пәніне айналары анық.

Әдебиеттер тізімі

1 *Балақаев Т., Алдажұманов Қ.* Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. — Алматы: Ғылым, 1985. — 320 б.

2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. — 4-т. / Ред. Қ.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әбілғожин және т.б. — Алматы: Атамұра, 2010. — 752 б.

3 *Нусупбеков А.* Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза (июнь 1941–1945 гг.) / История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. — 2-е изд., исправл. и доп. / Под. ред. М.Абдыкалыкова, А.Панкратовой. — Алма-Ата, 1949. — Т. 2. — 671 с.; *Малыбаев О.* Дружба, испытанная в боях за Родину. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 235 с.; *Абишев Г.* Работа партии большевиков по воспитанию чувства советского патриотизма у бойцов-казахов в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). — Алма-Ата: Казгосиздат, 1950. — 341 с.

4 Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны. — М.: Наука, — 1988. — 422 с.

5 *Басин В.Я.* Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне (исторический очерк). — Алма-Ата: Наука, 1965. — 234 с.; *Пинегина Л.А., Федюкин С.А.* Джезказган — город меди. Исторический очерк. — Алма-Ата: Наука, 1965. — 245 с.

6 *Оразов К.Ю.* Рабочий класс Казахстана в Великой Отечественной войне. — Алма-Ата: Наука, 1975. — 175 с.; *Михайлов Ф.К.* Профессионально-техническое образование в Казахстане. — М.: Труд. резервы, 1962. — 245 с.

7 *Нурбекова Г.* Женщины Казахстана — фронту (Трудовые подвиги женщин в промышленности Казахстана в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.). — 2-е изд., перераб. и доп. — Алма-Ата: Казахстан, 1988. — 342 с.; *Козыбаев М., Рахматуллин Б.* Равнение на коммунистов: Комсомол Казахстана в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Казахстан, 1971. — 431 с.

8 *Шаукенбаев Т.* Экономика нефтяной промышленности Казахстана. — Алма-Ата: Казахстан, 1974. — 167 с.; *Балақаев Т.Б.* Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Казахстан, 1971. — 351 с.; Каймолдин С. Советы Казахстана в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Казахстан, 1969. — 176 с.

Репозиторий КарГУ

9 ҚР ОММ. — 1567-қ. Т. 2. 58-іс. 5-пп.

10 *Чинчиков А.М.* Историография трудового подвига советского крестьянства (1941–1976). — Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 1977.

11 40 лет Великой Победы: Сб. ст. / Под общ. ред. П.Н.Федосеева. — М.: Наука, 1987. — С. 299.

12 *Майгаранова К.* Трудовые подвиги комсомольцев и молодежи железных дорог Казахстана в Отечественной войне 1941–1945 гг.: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1976. — 27 с.

13 *Мирзалиева Р.М.* Железнодорожный транспорт Казахстана в годы Великой Отечественной войны: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1990. — 30 с.

14 *Абишев Г.* Казахстан в Великой Отечественной войне Советского Союза (1941–1945). — Алма-Ата, 1960. — 360 с.

15 *Утешов С.К.* Роль перебазированных промышленных предприятий в превращении Казахстана в арсенал Великой Отечественной войны (1941–1945): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алма-Ата, 1960. — 34 с.

16 *Ешпанов В.С.* К вопросу об историографии истории Оренбургской железной дороги в годы Великой Отечественной войны // Отан тарихы. — 2008. — № 1. — С. 164–175.

17 Карагандинская область в годы Великой Отечественной войны: Сб. документов и материалов. — Караганда, 2010. — 252 с.

18 *Козыбаев М.К.* Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). — Алма-Ата: Казахстан, 1964. — 265 с.

19 *Козыбаев М.К.* Казахстан — арсенал фронта. — Алма-Ата: Казахстан, 1970. — С. 318.

20 *Шаукенбаев Т.* Урало-Эмбинский нефтеносный район. — Алма-Ата: КазГИС, 1958. — 231 с.; *Шаукенбаев Т.* Экономика нефтяной промышленности Казахстана. — Алма-Ата: Казахстан, 1974. — 167 с.; *Мұхитов Қ.С.* Ұлы Отан соғысы қарсаңы мен соғыс жылдарындағы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихы (1938–1945 жж.). — Алматы: Жеті жарғы, 2000. — 175 б.

21 *Чуланов Г.* Промышленность Казахстана за годы Советской власти. — Алма-Ата: КазГИС, 1951. — 342 с.

Ж.А.Карсыбаева

Развитие народного хозяйства Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны: историографический обзор

В статье рассматривается развитие народного хозяйства Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны. Отмечены организационная роль Коммунистической партии Казахстана и проблемы в развитии промышленности и сельского хозяиства в годы войны. Автор обращает внимание на вклад тружеников тыла в Великую Победу. В статье дается обзор некоторых трудов советской и отечественной историографии по данной тематике.

J.A.Karsybaeva

Economic development KazSSR during World War II: historiographical review

The development of national economy of KazS.S.R. during the Great Patriotic War is considered in this article. The are the pointed organizational role of Kazakhstan Communistic party and problems in development of industry and agriculture at the period of war. It attracts attention the invest of rear workers to Great Victory. Some of works which written in the soviet and national historiography are viewed from historiographycal review.

Репозиторий КарГУ